

№69 орта мектебінің директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары
А.Дүйсембиевтің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарына анықтама

Кәсіптік бағдар беру — қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуде, мақсатты атқарылатын жұмыс. Кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға мүмкіндік жасайды.

Аталған міндеттерді жүйелі орындау мақсатында әр бір оқу жылында бағдарлыжұмысының жоспары бекітіліп түрлі шаралар ұйымдастырылады.Кәсіби бағдар беру жұмысының жүйесін негізгі 4 бағыт бойынша бөліп қарастыруға болады. Олар: кәсіптік ақпарат, кәсіптік ақыл-кеңес, кәсіптік іріктеу, кәсіптік бейімдеу

Кәсіптік ақпарат өте киын, жан-жақты жұмыс.Сондықтанда мектеп

оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу керек. Мәселен,

бастауыш сыныпта мамандық таңдау емес, еңбекті сүю, құрметтеу бағытында

жүргізілу керек.

5-8 сыныптарда оқушылардың политехникалық ой-өрісін кеңейту, оларды сол экономикалық ауданға қажетті кең тараған мамандықтың түрлерімен таныстыру керек. Ал 9-11 сыныптарда әрбір мамандықты терең оқытуға көңіл бөлініп, белгілі бір кәсіпке қызықтыру қабілеттілігін дамыту керек болып табылады. Бұл кездегі оқушылармен жұмыстың негізгі түрлері- факультативтер, техникалық үйірмелер, әр — түрлі мамандық таңдауға бағытталған клубтар, т.б.

Кәсіптік ақпарат- қазан айында оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту мақсатында қараша айында оқушыларды әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезім мен қарауға тәрбиелеу мақсатында 1-2сыныптар арасында «Еңбек адамның көркі» тақырыбында сурет салу сабақтары болып өтті.Оқушыларға мамандық түрлері,олардың атқаратын қызметі,қоғамға келтіретін пайдасы туралы түсінік беру арқылы барлық мамандықтың қажет екендігін ұғындыру, еңбек сүйгіштікке баулу және мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында 2 сыныбының жетекшісі Нысанбаева Айдана «Мамандықтар әлемі» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ «ЕҢБЕК СҮЙГІШТІККЕ БАУЛИДЫ» айдарымен әлеуметтік желіде жарияланды. Оқушылардың мамандық әлемі туралы дүние танымдарын кеңейту,мамандыққа қызығушылықтарын арттыру мақсатында 5 және 6 сынып оқушылары арасында «Мамандық таңдау— ертеңді ойлау» тақырыбында тәрбиесағаты өткізілді. 6 сыныбында «Мамандықты қалай таңдау керек?» тақырыбында, 7 сыныбында «Мамандықтар сыр шертеді» тақырыбында, тәрбие сағаттары, 8 сыныбында ақпан айының 12-сінде "Мен таңдаған мамандық" тақырыбында тәрбие сағаттары болып өтті. Сабақ барысында оқушыларды "Мамандық магазині" тренингі арқылы мамандық атаулары мен таныстырып, топқа бөлді. Оқушылардың мамандыққа деген құштарлығын ояту мақсатында "Қолмидың жалғасы" психологиялық әдісін орындатып,оқушылардың өзіндік пікірін тындап,"Мен болашақта кім болам?"тақырыбында эссе жазғызды. Жаңа ақпараттар берілді, пікірталастар қозғалды және мамандық таңдаудағы 5 формуланы да көрсетті. Сабақ соңында "Ауа-райы" әдісімен кері байланыс жасалды. Бұл атқарылған жұмыстар «Мамандықтар әлемі: біз таңдаған жолдар» айдарымен әлеуметтік желіде жарияланды. Кәсіптік ақпараттың өте көп тараған түрлерінің бірі—өндіріске саяхат жасау.Осы мақсатта 8 сынып оқушылары ауданымыздағы өндіріс орындарына саяхат жасады. 8 сыныбының жетекшісі Ғабит Нысанбаев оқушылары мен қаладағы «Аралжиһаз» цехына саяхат жасады. «Аралжиһаз» цехының иесі ЖансерікНысанбаев оқушыларға цехтағы жұмыс барысымен таныстырды.Қазіргі уақытта қалай табыс табуда болатыны және халықтың сұранысына сай жұмыс істеу жөнінде пайдалы кеңесін айтты. Нарықта өзінің маркетингтікзерттеуін жүргізген Жансерік Нысанбаевшыны-пластиктенқайықжасаужобасынжүзегеасырудықолғаалған.Қазіргі уақытта айына 3 қайық жасалып шығарылуда. Оқушылар қайық жасап жатқан мамандарға да сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды. Сонымен қатар оқушылар электр дәнекерлеуші Дүйсенбаев Рысмаған барысымен танысып, өз колдарымен темірді дәнекерлеп, өздерінің ептіліктерінкөрсетті.Дәнекерлеушіалдағыуақыттаікеміменқызығушылығыбарбалаларғадәнекерлеудіүйретуғениеттіекендігінбілдірді. Сондай-ақ қаладағы №3 мамандандырылған өрт сөндірубөліміне барып, жұмыс барысымен танысты. Бөлімше командирі, азаматтық қорғау сержанты Кульманов Нуркен өрт сөндіру техникаларымен таныстырып, балалардың қызығушылығын тудырды. Оқушылар сауалына жан- жақты жауап берді.Сонымен бірге қыз балалар қаладағы Светлана Жалтумаеваның «Svetlana Beauty Spa» атты сән салонына барды. Косметолог қыздарға бет күтімі туралы ақпарат берді. Қолданатын аппараттарының,

маскалары мен, косметикаларының түрлерімен таныстырды. Оқушыларға косметолог мамандығы ұнады. Оқушылар саяхат әсерлі өтті. 8 сынып оқушылары шаштараз Шүйіншәлиева Индира еңбек ететін «Нұрия» сән салонына саяхат жасады. Шебер шаштараз оқушыларға шашты кино, сәндеу түрлері мен шаштың зақымдалуы кезінде бояуды дұрыстандай білу жөнінде кеңестер берді. Сондай-ақ Жанбаева Индираның «Индира» тәтті нан дайындау цехына барып, жеңіл әрі тез дайындалатын торттардың құрамымен танысты. Оқушылар кәсіпкерлерге өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, тисті жауаптарын алды. 8 сынып оқушылары кәсіпкер Т.Абибуллаевтың «Қанағат» құрылыс заттары сауда үйіне, Жанбаева Индираның «Индира» тәтті нан дайындау цехына, Абдуали Әлиасқардың «Мечта» электроника және техника дүкеніне саяхаттап барды. Саяхат барысында кәсіпкерліктің алғашқы бастамаларымен танысып, көкейлеріндегі сұрақтарды қойып, маңызды мәліметтер алды. Оқушылармен бірге қаладағы «Bal tatim» кондитерлік цехына барып, кондитерлердің қолынан шыққан тәттілердің дайындалу әдісімен танысты. Кондитер Зада Жаңатайдың айтуынша, тәтті өнімдер ауданда үлкен сұранысқа ие. Оқушылар Келжанова Әсияның тігін шеберханасына да барып, киім пішу, тігу және кестелеп тігудің түрлі әдістерімен танысып, үлкен әсер алды. Сондай-ақ «Атамекен» балық өңдеу зауытына барып, қайнаған тіршілікті көрді. Кәсіпорынның жетекші маманы Г.Кемалова балықтың өңделуі, шет елдерге жіберілетін балық өнімдерінің сақталу жолдарымен және жаңа технологиялық құрылғылардың түрлерімен таныстырды. Оқушылар балық өңдеу зауытының жергілікті халықты жұмыспен қамтып отырғандығын көріп қайтты. Мұндай саяхаттар балалардың білікті маман иесі болуына бағыт-бағдар беріп, болашақта қоғамға пайда келтіретін кәсіптің түрлерін тандауға көмек көрсетуде. Бұл атқарылған жұмыстар **«КӘСІПТІК АҚПАРАТ БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ: ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫНА САЯХАТ»** айдарымен әлеуметтік желіде жарияланды.

Кәсіптік бейімдеу - Ал жоғары сыныптарда мамандық таңдауда қателеспеу мақсатында желтоқсан айында 10-11 сыныптар арасында «Менің кәсіпкерлік әлеуетім» тақырыбында іскерлік ойындар, Ақпан айында 9 сыныптар арасында «Мамандықтар әлемі: біз таңдаған жолдар» айдарымен 9 сыныбында «Мен таңдаған мамандық», 9 сыныбында «Мамандықты дұрыстандай білейік» 9 сыныбында «Мамандығым-болашағым», 9 сыныбында «Мамандықты дұрыс таңдау-табысқа жету жолы» тақырыптарында тәрбие сағаттары болып өтті.

Мамандық таңдауда қателеспеу мақсатында 10 сыныбында «Мамандық таңдау - ертеңді ойлау» тақырыбында тренинг сабақ болып өтті. Оқушыларды қоғамдағы еңбектің, мамандықтардың әр түрлерімен таныстыра отырып, олардың өсу деңгейі және қоғамдағы қажеттілік орнымен сұранысы жайлы білімді меңгерту, мамандық әлемінен ақпарат алу. Мамандықтар туралы тақырыптар төңірегінде пікір алмасуға үйрету. Сабақтың әңгімелесу айдарында оқушыларға бірнеше сұрақтар қойылды. Жағдаяттық сұрақтар айдарында оқушыларға 1. Сен өзіңе мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандыққа ата-анаң қарсы. Сен ол кезде неістер едің? 2. Егер таңдау шектеулі болса қандай мамандық таңдағандар едіңіз? сынды сұрақтар қойылып алынды. Кері байланыс кезеңінде оқушылар өздері таңдаған мамандықтарының атауын көгершіндердің қанаттарына жазып, жіпке ілді. 9 сыныбының жетекшісі Ләззат Изимованың ұйымдастыруымен «Мамандық таңдау - маңызды шешім» тақырыбында тренинг болып өтті. Сабақ барысында Сахитжанов Бағлан «Жалақысы жоғары мамандықтар», «Сұранысқа ие мамандықтар», «Жаңа заман мамандықтары» туралы ізденген жұмыстарын ортаға салды. 9 сынып жетекшісі Ләззат Изимованың ұйымдастыруымен «Мамандықты дұрыстандай білейік» тақырыбында танымдық сабақ өтті. Сабақ барысында «Қандай мамандық иесі боламын?» деген сұраққа оқушылардың жауаптары тыңдалып, ситуациялық сұрақтар берілді. Мамандық таңдауға әсер ететін 7 фактор аталып, алдағы 10 жылда нарықта сұранысқа ие болатын он мамандық атауы таныстырылды. Сабақ соңында оқушылардан өздеріне лайықты мамандықты анықтау мақсатында психологиялық тест алынды. Осы мақсатта 9 сыныбында бейінді орынбасары А.Дүйшембиев және сынып жетекшісі Л.Изимованың ұйымдастыруымен «Мамандықты дұрыс таңдай білейік» тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті. Мақсаты: әртүрлі мамандықтармен таныстыру, ақыл-кеңестер беру. Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, классификациялық белгілері, мамандықтар тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта-ықыласын арттыру, мамандық әлеміне ақпараттар беру. «Мамандықты дұрыс таңдау-табысқа жету жолы» тақырыбында танымдық сабақ өтті. Сабақ барысында психологиялық жағымды ахуал тудызу мақсатында «Бақыт жолындағы жұлдыз» әдісі арқылы ой қозғау тапсырмалары жүргізілді. Бұл атқарылған жұмыстар **«Мамандықтар әлемі: біз таңдаған жолдар»** айдарымен әлеуметтік желіде жарияланды.

Кәсіптік іріктеу - Оқушыларға мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, классификациясы белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандық таңдауға дайындығын анықтау мақсатында желтоқсан айында 11 сыныптардан «Л.Иовайшидің кәсіби бейімділік сауалнамасы», ақпан айында 10 сыныптардан «Г.Резапкиның Интеллектуалды қабілет деңгейін диагностикалау сауалнамасы» бойынша сауалнамалар алынды. Мамандықты дұрыс таңдауда бағыт бағдар беру жұмыстары жалғасуда.

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ БАҒЫТЫ, УНИВЕРСИТЕТТЕРГЕ ВИРТУАЛДЫ САЯХАТ: Кәсіптік

бағдар беру бағыты бойынша мектеп-лицейдің химия-биология пәндерін тандаған түлектеріне «Қазақстан университеттеріне виртуалды саяхат» өткізілді. Оқушыларға жоғары оқу орындары туралы мәлімет беріліп, Қазақстандағы ең үздік 5 университет жөнінде видеоролик көрсетілді. Сондай-ақ мамандық тандаудың өте маңызды шешім екендігі айтылды. **КӘСІПТІК АҚПАРАТ БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ, МАМАНДАР ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА:** Кәсіптік ақпарат түрлерінің бірі - 9-11 сынып оқушылары баяғлібір кәсіпке қызықтыру қабілеттілігін дамыту, жоғары және арнаулы оқу орындарымен кездесуді ұйымдастыру. Осы мақсатта, 12 сәуір күні Алматы қаласындағы «Логистика және көлік академиясы» оқу орнының мамандары Бактыбаев Ернұрбек және Ганнева Мадина мектепке келіп, 11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқу орнындағы мамандықтардың түрлері, білім беру бағдарламалары, студенттік өмір туралы әңгімеледі. Сондай-ақ оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап берді.

КОЛЛЕДЖ МАМАНДАРЫ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ: Кәсіптік бағыттағы білім – уақыт пен кезеңді талғамайтын, қоғамның қай саласында да өзіндік жауапкершілігі мен ұстанымы бар білім саласы. 3 наурыз күні ауыл шаруашылығы саласына орта буын мамандар дайындайтын іргелі оқу орындарының бірі - Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 Агротехникалық колледжінен мамандар келіп, мектебіміздегі 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Дәнекерлеу ісі», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», «Ауыл шаруашылығын механикаландыру», «Есеп және аудит» мамандықтары бойынша мәліметтер берді. Сонымен қатар колледжге қабылдау емтихансыз жүзеге асырылатынын, мемлекеттік стипендия төленетіндігі мен студенттердің жатақханамен және үш мезгіл тамақпен тегін қамтамасыз етілетіні туралы айтып өтті. Оқушылар таңдаған мамандықтар туралы өздерін толғандырып жүрген сұрақтарға жауапалып, ой бөлісті. Кездесу соңында колледж мамандары «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деп Ж. Аймауытов айтқандай, жастарымызға алға ұмтылып армандарына жетіп, таңдаулы маман иелері болуларына тілектестігін білдірді.

Ата – аналармен жұмыс: Көптеген ата-аналар өз балаларының болашақ мамандығын таңдауда баласының білімін, қызығушылығын немесе таңдалған мамандығының еңбек нарығындағы сұранысын ескермей кәсіптік бағыт береді. Сондықтан да мектептің ата-аналармен кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша әр түрлі ағартушылық шаралар орындалды. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүзеге асыруға бағытталған «Мамандықты дұрыстандау» тақырыбында 16 қазан күні ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс 9-шы және 11-сынып оқушыларының ата-аналарымен өткізілді. Жиналыста «Баланың мамандық таңдау мәселесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндамада мамандық таңдаудағы балаға көмек көрсету жолдары, түлектер арасында ең танымал мамандықтар, қазіргі заманның табысты мамандары, болашақтың табысты мамандары туралы ата-аналарға ақпарат берілді. Мектеп психологі П. Аманбаева «Ата-анаға керек 10 көмек» тақырыбында ата-аналармен тренинг өткізді. Тренингке ата-аналар белсенді қатысып, мамандық таңдау мәселесіне байланысты өз ойларын ортаға салды, пікір алысты, сауалнама алынды.

2022-2023 оқу жылында бағдарға сәйкес типтік оқу жоспарының вариативті бөлігінен қолданбалы және таңдау курстарының бағдарламалары жасалынып, оқушы сұранысына сәйкес 10 және 11 сыныптарында оқытылды. Мектепте бағдарлы сынып оқушылары барлық пәндер бойынша оқулықпен 100 пайыз қамтылған.

Бейінді бағдарлы оқыту оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ететін оқу болғандықтан 9 – сынып оқушыларының кәсіби деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. Қорытынды нәтижесінде оқушылардың тұлғалық бейімділігі, қабілеттері мен мүмкіндіктерінің кәсіби ой – мұраттарына сәйкестігімен 9 – сыныпты бітіруші 9 оқушының физика-география бағытын – 2/1, химия - биология бағытын – 2/1, арнаулы орта оқу орнын – 5/0 оқушы таңдағаны анықталды.

2022-2023 оқу жылында жаратылыстану – математикалық бағытты 11 сыныпта – 6 оқушы, 10 сыныпта – 8 оқушы оқушы тандады. 9 сынып оқушыларының білім көрсеткіштеріне анализдер жасалып, болашақтық орналасуы туралы мониторинг жасалды. Қорытындысында анықталғаны:

Барлығы: 8 оқушы. (Қызы: 2) Колледжге: 0 Шығарды: 8/2

№69 орта мектебінің директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары
А.Дүйшембетовтің 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарына анықтама

Кәсіптік бағдар беру — қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуде, мақсатты атқарылатын жұмыс. Кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға мүмкіндік жасайды.

Кәсіби бағдар беру жұмысының жүйесін негізгі 4 бағыт бойынша бөліп қарастыруға болады. Олар: кәсіптік ақпарат, кәсіптік ақыл-кеңес, кәсіптік іріктеу, кәсіптік бейімдеу.

Аталған міндеттерді жүйелі орындау мақсатында әр бір оқу жылында кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары бекітіліп, түрлі шаралар ұйымдастырылады. Осы мақсатта 23 қараша – 23 желтоқсан аралығында «Кәсіби мамандық таңдау-адамның болашағын айқындайтын басты шарттардың бірі.» атты кәсіби бағдар беру айлығы ұйымдастырылды.

Кәсіптік ақпарат өте қиын, жан-жақты жұмыс. Сондықтанда мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу керек.

Бастауыш сыныпта еңбекті сүйеу, құрметтеу бағытында 25 қараша күні 4 сыныптарда бастауыш сынып мұғалімдері Есемұратова Шаттық

«Мамандық таңдау—ертеңді ойлау» т ақырыбында кездесу кешін өткізді. Кездесуге мектеп аспазшы Алпыспаева Ақжанай және мектеп аяжаны Уалиева Бибінар қатысты. Кездесу барысында оқушыларға «Мамандық туралы» бейне баян көрсетіліп, «Мамандықты тап» ойыны ойнатылды. Әр түрлі маманиелерінің әңгімелерін тыңдаған оқушылар ерекше әсер алды. 29 қараша күні Нысанбаева Айдана мен Алматова Ажаркүлдің ұйымдастыруымен 3 және 4 сынып оқушылары арасында «Мамандықтар әлемі балалар көзімен» мамандық туралы сурет салу байқауы болып өтті. 4 сыныбында 30 қараша күні Есемұратова Шаттықтың ұйымдастыруымен «Еңбекетсең, жетерсің мұратқа» тақырыбында тәрбие сағаттары болып өтті. Сабақ барысында оқушылар шаттық шеңберіне жиналып, «Мамандық магазині» ойынында, кәсіп атауларын шатаспай тауып, тапқырлықтарын көрсетті. Рөлдік ойындармен түрлі мамандық иелерін сомдап, мамандықтың қыр-сырын танытты. Оқушылар өзара бір-біріне «Тапшы, қандай мамандық?» айдарымен жұмбақтар қойды. Сабақ өте тартымды, қызықты өтті. Сабақтың соңғы бөлімінде Базаралы Дилназ орындауындағы «Ұстаз Ана» әні орындалып, Ж.Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген қанатты сөзімен қорытындыланды. 3 сынып оқушылары ұйымдастыруымен 01 желтоқсанда «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында саяхат сабақ өткізілді. Саяхат сабақ барысында оқушылар түрлі мамандық иелерімен танысып, олардың қыр - сырларымен танысты. Мамандық иелерінен сұхбат алып, қызықтырған сұрақтарына жауаптарын алды.

5-6 сыныптарда мамандық таңдауға байланысты бірнеше тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. 28 қараша күні 5 сыныбында сынып жетекшісі Сарсембаева Гүлсара «Мамандығым-болашағым» тақырыбында тәрбие сағатын өтті.

«Мамандықтың бәрі жақсы» тәрбие сағатын, 7 желтоқсанда 6 сынып жетекшісі Абдраманова Айдананың «Мамандықты дұрыс таңда!» дебатты, 12 желтоқсанда 5 сыныбы сынып жетекшісі Сарсембаева Гүлсараның «Мамандықтар шеруі» саяхат сабағын өтті.

7-8 сыныптарда оқушылардың политехникалық ой-өрісін кеңейту, оларды сол экономикалық ауданға қажетті кең тараған мамандықтың түрлерімен таныстыру мақсатында «Кәсіптер әлеміне саяхат» айдарымен өндіріс орындарына саяхат ұйымдастырылды.

7-8 сынып оқушыларының қыз балалары «Кәсіптер әлеміне саяхат» тақырыбындағы кәсіби бағдар беру айлығының жоспарына ауданымыздағы келесі кәсіпкерлік орындарға: «Жалюзі» перделер жасау цехына, «Самал» сұлулық салонына, «Айнараш» кондитерлік цехына, «Нурия» сән-сұлулық салонына

және жеке кәсіпкер Әсия Келжанованың тігін цехына саяхат жасап, мамандармен сұхбаттасып, осы мамандыққа байланысты ұрақтар қойып, мамандықтың қыр-сырымен танысып қайтты. 7-8 сынып оқушыларының ер балалары «Өрт сөндіру» орталығына және жеке кәсіпкер Нысанбаев Жансерік Темірбайұлының «Арал жиназ» жиназ жасау цехына саяхат жасап жұмыс барысымен танысты. Саяхат барысында оқушылар ұста шебері Сайлаубай ағамен сұхбаттасып материалдарды таңдап, дайын өнім шығаруға дейінгі жұмыс процесі туралы көптеген қызықты мәліметтер алды.

Ал 9-сыныптарда әрбір мамандықты терең оқытуға көңіл бөлініп, белгілі бір кәсіпке қызықтыру қабілеттілігін дамыту керек болып табылады.

2 желтоқсан күні мектеп бітіруші түлектерді «Мамандықтандау – өміріңіздің бір кірпішіндұрыс қалау» атты әр түрлі маман иелерімен кездесу кеші ұйымдастырылды.

Кездесу кешімізге мамандық таңдауға байланысты пікір бөлісіп, ой қосуға Тоғысова Ғалия Тоғысқызы - Арал аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімінің басшысы; Әбілбаев Абай - Арал аудандық «Жастар ресурстық орталығы» басшысы; Әбілқасым Дархан - Арал аудандық «Жастар ресурстық орталығы» маманы; Кеш барысында тақырыбымызға тұздық болатын, арнайы дайындалған бейнероликтер көрсетіліп, бірнеше 1. Арал ауданы халықты жұмыспен қамту орталығында қандай бағдарламалар бар және олардың тиімді жақтары қандай? 2. Облысымызда немесе қаламызда қандай мамандықтар көп таңдалады? 3. Облыс әкімі бөлетін гранттар жөнінде айтасыз ба? 4. Ауыл экономикасын көтеру үшін, ауылға ең алдымен қандай мамандықтар қажет деп ойлайсыздар? сынды сұрақтар қойылып, тұшымды жауаптар алынды. Кері байланыс кезінде оқушылар өздері таңдаған мамандықтарының атауын көгершіндердің қанаттарына жазды.

9 желтоқсан күні Арал ауданы бойынша білім бөлімі әдістемелік кабинеті және аудандық бағдарлы орынбасарларының ұйымдастырумен Ұ. Қараманов атындағы №262 мектеп-гимназиясы базасында «Әлемнің әміршісі - еңбек» тақырыбында сыр сұхбат кездесу кеші ұйымдастырылды. Кездесу кешінде аудандағы танымал тұлғалар Арал ауданының құрметті азаматы, Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Балық шаруашылығы саласының майталманы, кәсіпкер Әділбек Әйімбетов, Қызылорда облысы өңірлік кәсіпкерлер палатасының мүшесі, "Интер медицина орталығы" ЖШС-інің директоры Жолболдиев Серік Қыдырқожаұлы, Аудандық білім бөлімінің әдіскері Молжігітова Нәзігүл Қуандықызы, Аудандық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғалия Тоғысқызы, Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Арал ауданындағы филиалының директоры Ембергенова Нұрсауле Сайлауқызының қатысуымен «Әлемнің әміршісі-еңбек» қағидасы төңірегінде кеңірек ой қозғалып, сыр-сұхбат жүргізілді. Сыр-сұхбат алаңына мектеп-лицейінің 9-10 сынып оқушылары және жас маман Жұбанова Бағдат қатысты. Сыр-сұхбат алаңында оқушылар адам баласы тек жеке бастың материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін емес, қоғамға пайданды келтіру, айналада риясыз алғысқа бөлену, өмірден өз орынын табу және жан рахатына бөлену үшін адал еңбек адамы болу керектігін түсінді.

Айлық шара барысында жоғарғы оқу орындарының мамандарымен кездесу ұйымдастырылды. Арал ауданы бойынша білім бөлімі әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің рекрутинг және мансап басқармасы қаладағы мектеп бітіруші түлектерімен кездесу ұйымдастырды. Кездесуге Ж. Әбдірашев атындағы №69 мектеп бітіруші түлектерінде қатысты. Кездесу барысында А.Р. Арыстанбек "ЖОО таңдауда талапкерлер мен ата-аналар жіберетін ТОП-5 қателік", А.С. Мырзабай "Қорқыт Ата университетін таңдаудың 7 себебі" тақырыбындағы презентациялар, Ж.Ш. Оразмаханов «ҚР бойынша ЖОО-ның шекті балдары» және «Грантқа түсудің лайфхақтары» тақырыбында таныстырылым жасап, оқушыларға арналған инновациялық фестиваль туралы ақпарат беріп, қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар берілді. Кездесу шарасы мектеп бітіруші түлектерге пайдалы ақпараттар беруімен ерекшеленді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ ШЕҢБЕРІНДЕ Абай атындағы Қазақ ҰПУ мен Қызылорда облысы, Арал ауданы, Абай ауылындағы №59 орта мектеп арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық және серіктестіктің 2023-2024 оқу жылындағы ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ бойынша «Ең үздік педагогикалық университет ...» Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті мамандарымен кездесу тақырыбындағы онлайн-конференция ұйымдастырылды;

Қызылорда облысы, Арал ауданы бойынша мектептерде «КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ» айлығы өтуде. Сол іс-шараның бірі болғандықтан өте ауқымды онлайн-конференция өтті. Аталмыш шара Арал ауданында өтіп жатқан кәсіби бағдар беру айлығы жоспарына енгізіліп, Үздік оқу орны мамандарымен кездесуге Қызылорда облысы, Арал ауданы бойынша білім бөлімінің №59, №13, №64, №67, №62 м-л, №69, №81, №82, №72, №260, №57, №20, №63, №262 м-г, №73, №66, №177, №61, №63, №263, №83 орта мектептері қатысты.

Қазақстандағы ең үздік 10 университеттің бірінен саналатын ҚазҰПУ мамандары: Сыдыков Бахыт Дикамбаевич – Математика, физика және информатика институтының директоры; Сағымбаева Айнура Есенгазиевна – профессор, педагогика ғылымдарының докторы; Тұяқов Есенкелді Алыбайұлы –

педагогика ғылымдарының кандидаты, «Математика, физика және информатика оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті; Рыстыгулова Венера Ботабаевна – «Физика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты; Алиева Мөлдір Ермекбаевна – «Физика» кафедрасының оқытушысы, магистр; Ерімбетова Жазира Асылбекқызы – Информатика және білімді ақпараттандыру» кафедрасының аға оқытушысы өз кезегінде университет туралы толыққанды ақпараттық таныстырылым жасады, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Кәсіптік бағдар беру бағыты бойынша мектеп-лицейдің жаратылыстану пәндерін таңдаған 10 сынып оқушыларына «Қазақстанның жоғары оқу орындарына виртуалды саяхат» өткізілді. Оқушыларға жоғары оқу орындары туралы мәлімет беріліп, Қазақстандағы ең үздік 5 университет жөнінде видеоролик көрсетілді. Сондай-ақ мамандық таңдаудың өте маңызды шешім екендігі айтылды.

9 сыныптар арасында 8 желтоқсан күні оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту мақсатында «Мамандық таңдауда қателікке ұрынба!» тақырыбында дөңгелек үстел, 20 желтоқсан күні «Жақсы мамандық – жарқын болашақ» атты 8-9-10 сыныптар арасында квест ойыны ұйымдастырылды. Квест – шытырман ойын. Квест ойынына қатысқан ойыншылар практикалық тапсырмалар арқылы мамандық туралы іс-тәжірибе жинақтайды. Ойында оқушылар мамандық туралы жаңа мағлұмат алады, топта нәтижелі жұмыс істеуге үйренеді, ортақ мақсатқа жету жолдарының бағыттарын табуға дағдыланады. Жүру барысы: бағыттау парағы бойынша бекеттерге барып, тапсырма орындау.

1 бекет Стилист өз идеясы бойынша шарфтарды ерекше үлгіде тағып, әрлеу.

2 бекет Хэндмейкер салфеткамен әр топ әдемі салфетка түрлерін жасап көрсету.

3 бекет Нагстилист әдемі шаш үлгісін көрсету.

4 бекет Сыйлық әрлеуші өз идеялары бойынша сыйлық қораптарын дайындау тапсырмалары берілді. Оқушылар берілген бағыттау парағы бойынша бекеттерге барып берілген тапсырмаларды орындады. Барлық топ бекеттерге барып болған соң сарапшылар сөз алып, оқушылардың жұмыстарын саралап және қателіктерін айтып өтті. Сайыс қорытындысы бойынша, 9 сыныбы 1-орын, 10 сыныбы 2-орын, 8 сынып 3-орынды иеленіп, арнайы мадақтамалармен марапатталды.

20 желтоқсан күні айлық шараның аясында өткізілген «Дамушы қоғамдағы басты өмір сүру дағдысы» атты аудандық дебат турниріне 8 сынып оқушысы Нағмет Шолпан қатысып, жүлделі III орынды иеленді.

22 желтоқсан күні кәсіпкерлік негіздері пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Менің арманым» атты бизнес-жобалар байқауы болып өтті. Жобаның мақсаты: оқушылардың бизнес жобалар бастамаларын іріктеу арқылы, үздік деп танылған идеяларға қолдау көрсету. Бизнес жоба байқауына 9, 10, 11 сынып оқушылары қатысты.

«Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форум Арал қаласында өткізілді. Бизнес жоба байқауына. Оқушылар өз жобаларының нақты қаржы сценарийін, қаржылық модель құрып, орын-жайды жалға алу, тауар сатып алу құны, өткізу құны, қызметкерлердің еңбек акысы жәнет.б. шығыс пен кіріске әсер ететін негізгі мәліметтерімен таныстырды.

Ұсынылған бизнес жобалар: «Фастфуд» жобасы 10 сынып оқушысы Талапбаева А. .

10 сынып оқушысы. «Компьютер егесі қызметтері» Ықылас. Сартай

«Кофе түрлері» 10 сынып оқушысы Сахитжанов. Бағлан. «Жылқы малын өсірудің түрлері» 11 сынып оқушысы Бахитжанов. Біржан

Үздік танылған жобалар:

➤ 3-орын «Менің кәсібім-менің бизнесім сән салоны» жобасы Тағыбергенова. А.

➤ Алғыс хат «Мен мамандықты таңдаймын» бизнес жобасы марапатталды.

23 Қыркүйегі күні мектеп психологы П. Аманбаева 11 сыныбы оқушыларынан Л. Йовайшидің кәсіби бейімділік сауалнамасын алды. Мақсаты: Әдістеме қатысушылардың әр түрлі кәсіптік қызмет саласына бейімділігін анықтауға бағытталған: адамдармен жұмыс, тәжірибелік, интеллектуалдық, эстетикалық, жоспарлы-экономикалық немесе экстремалды. Әдістеменің құзыреттілігі қосымша сұрақтар қолданумен, жасырын мотивацияны анықтаумен, сұрақтарды тіке қойылумен көпшілік әдістемелерден ерекшеленеді. Алынған сауалнаманың нәтижесі өңделіп қорытындысы шығарылды.

Іс-шаралар қорытындысында үздік жұмыстар көрсеткен, белсене қатысқан оқушылар марапатталды. Кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар легі жалғасуда.

**№69 орта мектебінің директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары
А.Дүйшембиевтің 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстарына анықтама**

Мектебімізде 2024-2025 оқу жылында мына жұмыстар атқарылды.

Мектебімізде 9 сынып оқушылар саны 9/4 оқушы бар. Таңдап отырған мамандықтарына келетін болсақ. Мал дәрігерлік мамандығын таңдап отырған 1 оқушы. Құрылысшы мамандығын 2 оқушы. Педагогика мамандығын 3 оқушы. Медицина мамандығын 3 оқушы таңдап отыр.

11 сынып оқушылар саны 9/6 оқушы бар. Медицина мамандығын 3 оқушы. Мал дәрігерлік мамандығын 1 оқушы Педагогика мамандығын 3, Аударма ісі 1 оқушы, Құрылысшы 1 оқушы таңдап отыр.

Қыркүйек айының алғашқы аптасында оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етілу деңгейі анықталды. Мектеп бойынша тегін оқулықпен қамтамасыз етілетін оқушылардың саны анықталып, кітаптар таратылды. Қалған оқушылар да жеткілікті деңгейде оқулықтармен қамтамасыз етілді. 9,10- сынып оқушыларының таңдау пәндері бойынша әңгімелесіп, бағыт-бағдар берілді. Өз таңдаулары бойынша 10,11-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағдардағы сыныптарға орналастырылды.

Қыркүйек айының 23 күні МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ - БАСТЫ БАҒДАРЫМЫЗ атты кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті мамандары мен 9-11 сынып оқушыларының zoom платформасы арқылы кездесуі болып өтті. Кездесу барысында мамандық таңдаудағы ерекшеліктері туралы және ЖОО бойынша оқуға түсуге байланысты кеңестермен грант алуға мүмкіндік беретін инновациялық жобалар туралы ақпарат берілді.

Қыркүйектің 27 күні бітіруші түлектер, ата-аналардың және пән мұғалімдерінің қатысуымен жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында оқушылар мен ата-аналарға мамандықтар туралы кеңірек мағлұмат берілді.

1 қазан күні математика пәні бойынша қабілетті балаларды анықтау, олимпиадалық резерв қалыптастыру мақсатында 5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық «Алтын сақа» олимпиадасының мектепішілік кезеңіне оқушыларымыз қатысты.

9-13 қазан аралығында 9 сынып оқушылары арасында «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында эссе жазылды. Оқушылар өздерінің таңдап отырған мамандықтарының ерекшеліктерін әңгімелеген. Эссе жаздыру барысында оқушыларға мамандық таңдау бойынша бағыт-бағдар берілді. Оқушылардың жазған эсселері арнайы папкада жинақталып отырды.

Ұлттық бірыңғай тестке қатысуға 8 оқушы Ұлттық бірыңғай тестілеуге баруға өз өтініштерін білдірді.